



**ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН
ТЕКТІЛІК**

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



**КЕҢЕСТЕРДІ
КӨБЕЙТКЕННЕН
НЕ ҰТАМЫЗ?**

6-БЕТ | САРАПТАМА

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Елімізде заң мен тәртіп қатаң сақталуы қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Заң үстемдігі болмаса, тұрақтылық та болмайды. Ал тұрақтылық жоқ жерде ешқандай даму да болмайды. Сондықтан азаматтарымыз заңға бағынуы керек, ал құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуға тиіс. Қоғамның қауіпсіздігін және тұрақтылығын сақтау – мемлекеттің басты міндеті. Өркениетті елдердің бәрінде солай. Әкімдер – мемлекеттің жергілікті жердегі өкілі. Сондықтан бұл жұмысқа баса мән беру қажет.

№48
(4481)

Сейсенбі
25 сәуір
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БИЫЛ ӘСКЕРИ ШЕРУ ӨТПЕЙДІ

Биыл елімізде 7 мамыр – Отан қорғаушылар және 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай әскери шеру өтпейтін болды. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті.

Мерекелер құрметіне еліміздің барлық өңірінде әскери-патриоттық іс-шаралар өткізіледі. Мемлекет басшысы – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы 5 мамырда Бүкіл-армиялық кеңес өткізеді, ал 9 мамырда Астанада II дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым ету шарасына қатысады.

КОВИД КЕТПЕЙ ТҮР...

Елімізде өткен бір тәулікте 25 адам коронавирус инфекциясын жұқтырған. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі мәлім етті.

Соңғы мәлімет бойынша, бүгінгі таңда елімізде 1309 адам коронавирус инфекциясынан емделуде, олардың ішінде 156 пациент стационарда жатып ем алып жатса, 1153 науқас амбулаторлық деңгейде ем қабылдап жатыр.

Астанада коронавирустық инфекция көрсеткіші былтырғы жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда 52,7 есеге төмендеген. Алайда қазір елордада тәулігіне 5-тен 10-ға дейін науқастану жағдайы тіркеледі.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БІРІКТІРЕТІН КҮШ

«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл бақыт ел үшін» деген ұстаным – Қазақстан халқының ең басты құндылығы. Қазақ еліндегі ұлттар мен ұлыстардың тағдыры да, болашағы да біртұтас. Сондықтан да Қазақстан халқының бірлігі күні қастерлі де мерейлі мереке саналады. Кеше елорда төрінде өткен «Болашағы біртұтас ұлт» атты дөңгелек үстел сол бірлік пен берекенің шынайылығын айшықтады.

3

ІКОМЕККЕ ЖҮГІНІҢІЗ, КӨМЕКТЕСЕДІ

Елордадағы iKomek109 орталығына жыл басынан бері 600 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Олардың 80 пайызы бірден шешілген.

Астанадағы iKomek109 орталығы 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Орталық қызметкерлері күндіз-түні қала тұрғындары мен қонақтарының қоңырауына жауап береді. Азаматтар «109» желісі арқылы шұғыл мәселе бойынша хабарласа алады. – Орталықта күн сайын желіге 45-50 оператор

шығады. Олардың ішінде сағат 9:00-ден кешкі 21:00-ге дейін 17 оператор, сағат 8:00-ден 17:00-ге дейін 19 оператор, сағат 08:00-ден 08:00-ге дейін 11 оператор кесте бойынша жұмыс істейді.

iKomek109 қызметі туралы газеттің келесі санында толығырақ баяндалады.



Бүгін, елордада «Astana Bike» автоматтандырылған велосипед жалдау жүйесі іске қосылады. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

**ВЕЛОМАУСЫМ
АШЫЛАДЫ!**



3

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.34 \$ USD/KZT 457.68 ₸ RUB/KZT 5.68 ¥ CNY/KZT 66.22

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЖАН-ЖАҚТЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ДАМИДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Чехия Республикасының Премьер-министрі Петр Фиаланы қабылдады.

Президент Петр Фиаланың елімізге жасаған алғашқы ресми сапары екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

«Сіз елімізге үлкен бизнес-делегация алып келдіңіз. Екі ел арасындағы іскерлік байланыстар мен ынтымақтастықты ілгерілетуге пайдасы өте зор бизнес форум өтеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Чехия Президенті лауазымына сайланған Петр Павелге құттықтауын жолдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде көлік-логистика саласын

нығайту перспективаларына баса мән берілді. Президент чех инвесторларына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

«Чехия Республикасынан энергетика, машина жасау, көлік, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина өнеркәсібі және фармацевтика секілді экономиканың түрлі салаларына құйылатын инвестицияны құптаймыз. Сондай-ақ елдеріміздің астаналары арасында тікелей әуе қатынасын ашамыз деп сенеміз» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Петр Фиала Чехияның елімізбен арадағы ынтымақтастықты одан әрі

дамытуға ниетті екенін растады. «Чехия Республикасы Қазақстанмен бұрыннан достық қарым-қатынас орнатқан және оны жалғастырамыз деп сенеміз. Осы кездесуіміз белсенді байланыстарға тың серпін береді деп үміттенемін. Қазақстан – біз үшін өте маңызды серіктес. Қазақстан мен Чехия Республикасының ынтымақтастығы Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастардың аса маңызды тірегінің бірі саналады» деді Чехия Премьер-министрі.

Сонымен қатар кездесуде халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

АСТАНАНЫ ГАЗДАНДЫРУҒА 3 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

2024 жылы Астананы газдандырудың II кезеңіне 3 млрд теңге бөлінеді. Бұл туралы Энергетика министрлігінің бюджеттік бағдарламасының жобасында айтылған.



Құжаттағы мәліметке сүйенсек, жоғары қысымды газ құбырын тартудың II кезеңі 2024 жылға жоспарланған. Осының нәтижесінде 3-9 іске қосу кешендері салынады. Бұл мақсатқа Энергетика министрлігі 3 млрд теңге жұмсамақшы.

Ал 2025 жылы құрылыстың III кезеңі іске асырылады. Бұл кезеңде газ құбырын бұру жобасы орындалып, 1-3 іске қосу кешендері салынады. Бұл мақсатқа бюджеттен 3 млрд 672 млн 951 мың теңге қарастырылған. Жалпы министрлік 2024 жылы республика бойынша 176 342 адамды қамтып, 25 ауылдық елді мекенді газдандыруды жоспарлап отыр.

ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады. Мемлекет басшысына Ұлттық банктің осы жылдың бірінші тоқсанындағы ақша-кредит саясатын іске асыру қорытындысы туралы есеп берілді.

Президентке Қазақстанның экономикасы мен қаржы секторындағы ахуал, іскерлік белсенділіктің жақсаруы, депозит нарығының динамикасы, сондай-ақ БЖЗҚ-ның, Ұлттық қордың активтері мен алтын-валюта резервтерінің жағдайы туралы баяндалды.

Ғалымжан Пірматов ай сайынғы және базалық инфляцияның төмендегенін және реттеушінің бұған дейін жасаған болжамдарына сәйкес келіп отырғанын жеткізді. Сонымен қатар инфляция деңгейі әлі де жоғары күйінде қалып отыр. Бұл қазіргі ақша-кредит шарттарын

сақтауды қажет етеді. Мемлекет басшысына жедел төлемдер жүйесінің дамуы және цифрлық тенгені енгізуге дайындық барысы туралы мәлімет берілді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді жүзеге асыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

ЖАҢА ҒИМАРАТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Жуырда Астана қаласы қорғаныс департаментінің шақыру пунктіннің жаңа ғимараты пайдалануға беріледі.



Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Мәслихат депутаттары бұл мәселені соңғы екі жыл бойы көтеріп, нәтижесінде бірнеше жылдар бойы жарамсыз болған шақыру пунктіннің ғимараты жаңартылды.

«Елордалық мәслихаттың қазіргі құрамы Астана қаласының құтқарушыларымен қоян-қолтық, конструктивті жұмысты жалғастырады. Бұл алдағы үш жылға бекітілген жоспарға сәйкес Төтенше жағдайлар жөніндегі депар-

таменттің материалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ құтқарушылар мен олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік көмекке қатысты айқындалды. Елорданың шалғай аудандарында табиғи өртті сөндіруге көмектесетін су алу үшін пирстер салуға қаражат бөлуді қарастырамыз. Нәтижесінде өрт сөндіру машиналары қалаға су толтыру үшін қайтып оралмайды» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

Ол сондай-ақ аңғар үлгісіндегі тез тұрғызылатын өрт сөндіру деполарының құрылысы, жеке құрамға қа-

жетті тыныс алу аппараттары мен арнайы киімдерді сатып алу мәселесі де қарастырылатынын айтты. «Жақын арада Төтенше жағдайлар қызметінің нысандарын қайта аралаймыз. Жағымды жаңалықтың бірі, бірнеше онжылдық бойы жарамсыз күйде болған Астананың қорғаныс департаментінің шақыру пунктіннің жаңа ғимаратын ашамыз. Депутаттар бұл мәселені екі жылға жуық көтерді. Ендігі уақытта департамент қызметкерлері қалыпты жағдайда жұмыс істейді» деді Е.Каналимов.

ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогтарының жалақысы өсуі мүмкін. Бұл туралы «Ашық» НҚА порталында жарияланған Үкімет қаулысының жобасында жазылған.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогтарының лауазымды айлық мөлшері мына түзету коэффициентін қолдана отырып айқындалады: - 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1,3 мөлшерде» делінген құжатта.

Қаулы жобасына қосымша берілген түсіндірмеде жа-

зылғандай, педагогтардың жалақысын көтеру - аталған саланы таңдайтын жастар қатарының көбеюіне және мұғалімнің беделін арттыруға ықпал етпек.

«Жобаның мақсаты – педагогтың өмір сүру жағдайларын жақсарту және оның әлеуметтік мәртебесін арттыру,

сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мұғалімінің беделі. Нәтижесінде педагог мамандығы педагогикалық қызметтер нарығында сұранысқа ие мамандықтардың біріне айналады» делінген Үкімет қаулысына.

Құжат 5 мамырға дейін көпшілік талқылауда болады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған жер сілкінісінен зардап шеккендерге жаңа үйлердің кілтін табыс етті.

Газиянтеп провинциясының Нурдагы ауданының Белпынар ауылында, Кахраманмараш провинциясының Местхююк және Түркоғлы Өзбек ауылдарында өткен іс-шара барысында Президент бүгінде апат аймағында барлығы 507 мың пәтер мен 143 мың жеке үй салынғанын, олардың 319 мыңы биыл тапсырылатынын атап өтті. Айтуынша, Газиянтепте жоспарланған 50 мың пәтерге қосымша тағы 50 мың пәтер салынады.



Мексика президенті Лопес Обрадор президенттік Boeing 787 джетін Тәжікстан үкіметіне шамамен 92 миллион долларға сатты.

2018 жылдың 1 желтоқсанындағы ұлықтаудан кейін ұшақты пайдаланудан бас тартқан президент бұл әрекетін әуе кемесінің қымбаттығымен байланыстырды. 4,5 жыл бойы сата алмаған джетін ол тіпті аукционда сатуға тырысқан. Ал өзі әдетте коммерциялық рейстермен қатынаған. Ұшақты сатудан түскен қаражат екі аурухана салуға жұмсалады.



Париждегі метро «Персваль» деп аталатын робот иттің көмегімен жөнделетін болды. Оның салмағы – 40 келі, биіктігі – 1 метр.

Робот итті құрастыруға 100 мың еуро жұмсалған екен. Оның көмегімен туннельдер жөнделіп, құрылыс жұмыстары жүргізілді. Парижде 1900 жылы салынған метро әлемдегі көне нысандардың бірі болып есептеледі. Қазір теміржолдың ұзындығы 220 шақырымды құрайды. Метро күніне 16 млн адамды тасымалдайды.

